Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ МКК-ның мемлекеттік сатып ауды ұйымдастырушысына

"City security" күзет агенттігі" ЖШС "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ МКК-ның № 3140733-1 мемлекеттік сатып алу хабарландыруына сәйкес конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілген болатын.

Конкурстың қорытындысы бойынша "Құдірет-секьюрити" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз болып танылған. Осы шешіммен келіспеушілік білдіру себебіміз:

Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы техникалық ерекшелікке төмендегідей талаптар қойған:

- **Пультті байланыс (жүйе) «дабыл түймешесі»;**
- **Кезекшілік бөлімнің болуы;**
- **Қызметтік қаруды қолдану және сақтау, алып жүруге рұқсаты болуы тиіс;**

"Құдірет-секьюрити" ЖШС «Тараз Альфа Кузет» ЖШС-мен жасалынған келісім шартта қызметтік қаруды сақтау және пультті байланыс (жүйе) «дабыл түймешесі» бойынша қызмет көрсету қарастырылған.

ҚР-ның азаматтық кодексі 619-бабына сәйкес, Егер заң актілерінен немесе шарттан өзгеше туындамаса, мердігер шартты орындауға басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартуға құқылы. Мұндай жағдайда мердігер - тапсырысшының алдында бас мердігер, ал қосалқы мердігердің алдында тапсырысшы болады.

Яғни, "Құдірет-секьюрити" ЖШС «Тараз Альфа Кузет» ЖШС-мен жасалынған келісім шарт бойынша **соңғысы қосалқы мердігер (субподрядчик)** болып табылады.

"Құдірет-секьюрити" ЖШС-нің 18 наурыз 2019 жылғы анықтамасында күзет қызметін көрсетуге қосалқы мердігер тарту көзделмегендігі туралы анықтама ұсынған.

Конкурс ұйымдастырушысына қосалқы мердігер тарту көзделмегендігі туралы анықтама ұсына отырып, «Тараз Альфа Кузет» ЖШС-мен қару жарақты сақтау және пультті байланыс (жүйе) «дабыл түймешесі» бойынша қызмет алуға келісім шарт жасап, 2019 жылдың қаңтар, ақпан және наурыз айлары бойынша көрсетілген қызметке акті жасалынып тараптармен қол қойылған.

Яғни, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабының 6-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады делінген:

Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптары – әлеуетті өнім беруші өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігер не қызметтер көрсету бойынша бірлесіп орындаушы ретінде тартуды көздейтін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға **және заңды тұлғаларға** да қолданылады.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алуды **ұйымдастырушыға ұсынуға тиіс**.

Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық комиссияның мүшелері "Құдірет-секьюрити" ЖШС-н «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы 150-тармағының 2-тармақшасының негізінде, қағиданың 10-қосымшасына сәйкес ақпарат ұсынылмауына байланысты **конкурсқа жіберілмеуі тиіс болатын.**

Қаруды сақтау және пультті байланыс (жүйе) «дабыл түймешесі» бойынша Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заңының 2-қосымшасының 82-тармағына сәйкес, қызметтік қаруларды сақтауға рұқсат құжаттамасы болуы тиіс. Алайда, «Тараз Альфа Кузет» ЖШС-нің лицензиясы немесе рұқсат құжаттары мүлдем көрсетілмеген.

Жамбыл облысы ІІД-нің 12.12.2015 жылғы Мырзахмет Бауыржан Шаяхметұлына берілген және Сыздыков Есим Капашевичке берілген №0000078 қаруды сақтауға рұқсат берілген.

"Құдірет-секьюрити" ЖШС-нің №6 қосымша бойынша біліктілік талаптарын растайтын мәліметтер туралы мәліметтер қаруға рұқсат алған қызметкерлер, атап айтқанда Мырзахмет Бауыржан Шаяхметұлы және Сыздыков Есим Капашевич мүлдем көрсетілмеген. Техникалық ерекшелікте, **қызметтік қаруды қолдану және сақтау, алып жүруге рұқсаты болуы тиіс** делінген. Конкурсқа қатысушы өнім беруші өзінің материалдық және еңбек ресурстарын ие болу бөлігінде біліктілік талаптарын растайтын мәліметтерді №6 қосымшаға енгізуі тиіс болатын.

150-тармағының 1-тармақшасы негізінде конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауына байланысты **конкурсқа жіберілмеуі тиіс болатын**.

Осы көрсетілген өрескел заң бұзушылық бойынша конкурс комиссия мүшелері құжаттарды қайта қарап, "Құдірет-секьюрити" ЖШС-н конкурсқа жіберілмеу бойынша қайта қарауды сұраймыз.

"City security" күзет агенттігі" ЖШС-нің директоры **Аширбеков Д.М.**
тел: 8-701-224-43-15